

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

№3 (басылым 2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

«Болмасаң да ұқсап бақ...»

(Абай)

КӨЗАЙЫМ

ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Мектеп газеті назарында:

Жағымды жаңалықтар легі...

**ЖАСАЙ БЕР, ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАН!**

Сайыс жеңімпаздары анықталды.

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мектеп директоры Н.Асылбекованың
құттықтауы.

Абай оқулары.

Құттықтаймыз!

Аида жеңімпаз атанды.

Жас ұландықтар қатары көбейді.

Тәрбие тал бесіктен...

Кішкентай данышпандар.

А.Молдаш. «Әсерге бөлеген әсем кеш».

«Көзайым қоржынынан»...



Жағымды жаңалықтар

ЖАСАЙ БЕР, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН!

Жақында мектеп мәжіліс залында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған «Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан» атты мерекелік концерт өткізілді.



Мектеп директоры концерт барысында мектеп қызметкерлерін мерекемен құттықтап, алғыс хаттар мен мадақтамалар табыстады. Жүргізушілер тәуелсіздік шежіресімен таныстырды. Фильм көрсетілді. Оқушыларымыз өз өнерлерін көрсетіп, аспапты ансамбль күйлер шертті, әншілеріміз ән айтып, қыздарымыз мың бұралып би биледі. Тәуелсіздік мерейтойы қарсаңындағы мерекелік ән шашу мектеп хорының

«Қазақстаным» әнін орындауымен, патриоттық нотада аяқталды.

Салтанатты іс-шара барша көрермендерінің ыстық ықыласына ие болды.

Ынтымағы жарасқан, Тәуелсіз еліміздің тұғыры мығым, еңсесі биік, аспаны әрдайым ашық, егемендігі баянды болғай!

Гүлжан ЖАМЕНКЕНОВА,
ДТЖЖО.

САЙЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

I жарты жылдық бойынша республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонына 3-8 оқушы III орынға ие болды.

сыныптан 38 оқушы қатысты. Байқау қорытындысы бойынша 20 оқушы жеңімпаз атанып, 12 оқушы II орынға,

Облыстық «Алтын асық» сайысында №2 ЖОББМ-нен барлығы 62 оқушы қатысып, 9 оқушы III

орынды еншіледі. Жүлдегерлер Диплом және естелік сыйлықтармен марапатталды.

«Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы және мәдени-сауық қызметі орталығында «Туған тіл - байлығым» атты «Жасын» жобасының мемлекеттік тілдің

құрметіне арналған викториналық сайыс өтті.

Бұл сайыста мектебіміздің «Арыстан» тобы III орынды қанжығасына байлады.

Халықаралық «ПНИ» байқауына – 44, «British Bulldog» сайысына – 30, бастауыш сыныптар арасында ғылыми зерттеу жұмыстарына 7 оқушы қатысатын болды.

Шәкірттерімізге сәттілік тілейміз!

Ақгүл ОМАРОВА,
директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

***** ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! *****

Қадірлі ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!



Мен Еліміздің болашағын басқарушы жас ұрпақты оқу-білім нәрімен сусындатып отырған білім саласының

қызметкері ретінде ең алдымен, Жаңа жыл жаңа игілікті бастамалардың басы болсын дегім келеді. Ал мектебіміз қала, облыс, республика деңгейінде тек алдыңғы қатардан көрініп, шәкірттеріміздің біз мақтан етерлік жетістіктері көп болсын!

Жаңа жыл баршаңызға ырыс-береке, болашаққа деген зор сенім мен мол қуаныш, баянды бақыт, еңбекте шығармашылық табыстар, отбасында ырыс-береке, молшылық сыйласын! Бауырымыз бүтін, жақындарымыз жанымызда әрдайым аман жүрсін!

Сонымен қатар, шәкірттеріміздің аппақ қардай пәк, сәби көңілдері кіршіксіз армандарға толып, мерейлері үстем болсын!

**№2 жалпы орта білім беру мектебінің директоры:
Надежда Бәкібайқызы АСЫЛБЕКОВА.**

Іс-шара

ЖАС ҰЛАНДЫҚТАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Жақында мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен, бірқатар бастауыш сынып оқушылары «Жас ұлан» ұйымына қабылданды. Жас жеткіншектер патриоттық сезімдерін жеткізе отырып, Отаны алдындағы алғашқы парыздарын: білім алып, Еліне елеулі еңбекқор, жақсы азамат болып ер жетуге ант берісті.

Айта кетейік, республикалық «Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен, 2011 жылдың 6-шілдесінде «Елорда күніне» орай құрылған болатын. Ал, 26 тамыз күні «Жас ұлан» ұйымының алғашқы құрылтайы өтті.



Таным

«АБАЙ ОҚУЛАРЫ» ӨТТІ

Мектепшілік «Абай оқулары» байқауының жеңімпаздарына Мадақтама қағаздары табыс етілді.



Данышпан, хәкім Абайдың кемеңгерлігі мен өшпес мұрасы – шығармашылығын насихаттау аясында өткізілген мектепшілік «АБАЙ ОҚУЛАРЫ» байқауында «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы...» аталымы бойынша I орынға ие болған 3 «а» сынып оқушысы Дүйсембай Аида, II орынға ие болған 2 «а» сынып оқушысы Иманзаипов Бексұлтан, 4 «а» сынып оқушысы Ахмади Қайрат, III орынға ие болған 4 «а» сынып оқушысы Марат Даниял, 4 «ә» сынып оқушысы Амангелдіқызы Сания, 4 «ә» сынып

оқушысы Маметов Абзал марапатталады.

Ал «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй...» аталымы бойынша II орынға ие болған 3 «ә» сынып оқушысы Искапова Жания, 2 «ә» сынып оқушысы Қосылбай Жәнібек, 3 «а» сынып оқушысы Иқсатов Ерасыл және 4 «ә» сынып оқушысы Айткенов Ардак, 2 «ә» сынып оқушысы Достов Айзат және 3 «б» сынып оқушысы Ақбаба Мераль ынталандыру марапатына ие болды.

**Қорлығайын ТАБУЛОВА,
№ 2 ЖОББМ оқу-тәрбие
жұмысы жөніндегі
директордың орынбасары.**

Құттықтаймыз!

АИДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ!



Кеңес Одағының Батыры К.Павлюков атындағы Алтай өлкелік ұйымы және «Ресейдегі Ауған ардагерлер одағының» жалпыресейлік қоғамдық одағының ұйымдастыруымен, Құлынды аудандық бөлімшесінде халықаралық Таэк-Вондо (WTF) жарысы өтті.

Жарыс Ауғанстан және Чечен жерінде қаза тапқан жауынгерлердің құрметіне арналды. Аламан додада 34 килограмдық салмақтағылар арасында Павлодар қаласы №2 жалпы орта мектебінің 4 «ә» сынып оқушысы Таукенова Аида жүлделі I орынға ие болды. Спортшы қызмыз жеңісін Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арнады.

Даңқты қолбасшы Бауыржан **МОМЫШҰЛЫ**:

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Батырлық – тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал, ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап шыға алмайды.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.

Кездесу

ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН

2016 жылғы 26 желтоқсанда мектеп әкімшілігінің ұйытқы болуымен, генерал С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушісі, 1-рота 1-взвод ұланы Нұржанов Мақсатпен кездесу өтті.



Мақсат мектебіміздің түлегі. Ол 6-сыныпты оқып жүріп, Астана қаласындағы «Жас ұлан» мектебіне ауысқан болатын. Бүгінгі таңда сыныптастарының ғана емес, мектебіміздің де мақтанышы.

Кездесуде Мақсат өзінің «әскери қызметкер болсам» деген ізгі арманын кәсіби тұрғыда жүзеге асыру үшін, осы бағытта барынша талмай еңбек ететінін тілге тиек етті. Және ол шынайы арман-тілектердің міндетті түрде

орындалатынын айтып, өз ойлары жайында оқушы достарымен пікір бөлісті. Жас жеткіншектің өзіндік мінез-құлқы, сөйлесу әдебімен бірге бойында азаматтық ұстанымы, ерлерге тән мінезділік пен әскери тәртіптің қалыптасып қалғаны да байқалды.

Бұл кездесуден 10 сынып оқушылары өздеріне үлкен өмір жолына сабақ болатындай көп мәліметтер алды.

Гүлжан ЖАМЕНКЕНОВА,
ДТОЖ ж.О.

Интеллектуалды ойын

КІШКЕНТАЙ ДАНЫШПАНДАР

Оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда интеллектуалды ойындардың атқаратын маңызы зор. Интеллектуалды ойындар арқылы оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады.

Ойын – бұлдеркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызуғушылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-

орай, екінші сыныптар арасында «Интеллектуалды сайыс» өткізілді. Сайысқа әр сыныптан екі баладан өкілдер қатысып, өз білімдерін ортаға салды. Сайыс жеті кезеңнен тұрды. Әр кезеңнен сүрінбей өткен оқушыларға сыйлықтар беріліп, дипломмен марапатталды.

өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты



Интеллектуалды ойындар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.



Сондықтан да, аталмыш іс-шараға қатысқан кішкентай білгіштеріміз бен «ойшыл», «данышпандарымызға» ұйымдастырушы ұстаздар атынан алғысымызды жаудырып, болашақта сәттілік тілейміз!

**Манар ҚАЗАНҒАПОВА,
№2 ОМ бастауыш сынып
мұғалімі.**

ӘСЕРГЕ БӨЛЕГЕН ӘСЕМ КЕШ

(Әңгіме)



Жұмыс күні аяқталып, киініп сыртқа беттедік.

Есікті ашып жібергенде, қарсы беттен ішке құлаштай кірген суық ауа алдымен дененді тітіркендіріп, іле көкірегінді керіп, тынысыңды кенейтіп жібергендей еді. Дала «құлаққа ұрған танадай!» Тіпті, бет сипар «лып» еткен жел жоқ. Күннің алқызыл нұры ұясына қонып, айналасындағы тіршілік біткеннің бәрін біртіндеп, қою қараңғылықтың құшағына ала бастаған.

Әншейінде, біресе дүлей бораны, біресе бет қаратпас сары шымшық аязы бүрсең қақтырып, шыдамыңды сынап бағатын көксойқан, ызғарлы қыс бүгін мейлінше, жайдары. Жер-ананы аппақ мамық көрпесімен қымтай жапқан қалың қар терезеден түскен электр шамының сәулесімен шағылысып, мың құбылады.

Қалаға қарағанда, едәуір қаһарлы боп келетін ауыл қысының келбеті осыншалық көрікті, ғажайып әсерлі болар деп әсте, ойламаған екенмін! Байқаймын, күні бойғы шаршағаным сәл ұмытылып, көңілім сергіп сала бергендей. Қыстың осынау кереметін бар болмысыммен сезініп, кіршіксіз, саф ауасын тоятсыздана жұта бердім. Таңырқатары мол тылсым дүние жанымды жадыратып, жаймашуақ әсерге бөлегендей. Тіпті, бір сәт аяқ астындағы көсілген күрткі қарды уыстай шашып, қанатымды кең жайған күйі дөңгелене билеп кеткім келді... Мен табиғат сұлулығына сүйсініп, масайраған күйі ауылға кіреберіс жолдағы қызыл кірпішпен қаланған қос пәтерлі үйлердің біріне қарай бет алдым.

Жылдағыдай қарқынды болмаса да, жергілікті басшылық мерекеалды дайындық шараларына қызу кіріскен сияқты. Кейбір мекеме маңдайшаларында қызылды-жасылды жылтырақ шамдар жарқырайды. Ауылдық әкімдіктің жанынан биіктігі 4-5 метрлік пласмасс шырша орнатылып, түрлі-түсті шамдармен безендірілген. Олар бір жанып, бір сөніп, көшедегі жүргіншілер назарын еріксіз өзіне аударуда. Ал, мектептің жанындағы анау бір еңселі тас үйдің терезесі түгелдей сан алуан ою-өрнектермен көмкерілген. Күнделікті қарабайыр тірлігімізге енген осы бір көз қуантар тың өзгерістер Жаңа жылдың жақындап қалғанын айтып, жар салып тұрғандай...

Жылы орынға енді ғана жайғасқан ауыл тұрғындары үй тірлігіне мықтап кіріскен сынайлы. Көшеде адам аяғы басылып, қозғалыс саябырси бастаған. Көлік атаулы да некен-саяқ. Ауыл-үйдің алаңсыз тірлігін қорғап, «шәу» етіп, сес көрсетер ит атаулының да үні естілмейді. Айнала «құлаққа ұрған танадай» жым-жырт, тым-тырыс. Тек, осынау мүлгіген тыныштықты аяғыңның астындағы қалың қарды күрт-күрт басып, өзің ғана бұзып келе жатқандай көрінесің.

Әсерлі кеш көңілімді демде қанаттандырып жібергендей болды. Есіме әншейінде, ескере бермейтін балалық шағым түсті. Ол кезде қыс қатты болатұғын. Қораның төбесімен бірдей боп үйіліп қалған оппы қар көрші балалардың шанамен сырғанақ тебетін ойын алаңы болатын. Әдеттегідей, шанасы барлар шанамен, жоқтары фанер тақтаймен қораның төбесінен төмен қарай сырғанап, зулай жөнелетінбіз. Содан қараңғы түсіп, көз байланғанша, қар атысып, у-шу боп жататын едік. Бет-аузымыз суық пен аяздан домбығып, аузымыз сөйлеуге әрең келіп жатса да, жылы үйге кіру мүлде ойымызға келмейтін. Ойынның қызығына бататындығымыз соншалық, пимамыздың ішіне қар түсіп, үсті-басымыз ит талағандай, алба-жұлбамыз шыққанша, алысып-жұлысып, жүгіруден шаршамайтын едік. «Мыналар үйге кіре ме, жоқ па?» деп анамыз айқай салғанда барып,

есімізді жиып, жан-жаққа қарауға мұршамыз болмай, үйді-үйге зытатынбыз. Үйге кіре берісте қонышы қарға толған, табаны сырғанақ, тықылдақ пиманы жер тепкілеп отырып, әуірімдеп, әзер дегенде шешегінбіз. Әжеміздің түбіт жіптен тоқып берген шұлығының басы жыланша ирелендеп пиманың тұмсығында шокпарланып қалатын. Суықтан нарттай боп, үсуге шақ қалған қол-аяғымызды ысқылап, үрлеп жүріп, зорға дегенде жан шақыратын едік. Содан ас үйдегі жуан пештің жалына таласып, орын бөлісе алмай, даурығысып жататынбыз. Сәлден соң, қазанда қайнап жатқан еттің бұрқыраған иісіне елітіп, ас ішуге шамамыз келмей, сол отырған күйі қалғып, ұйықтап кететінбіз.

Сонау бір сәби күндердің ұмытылмас естеліктері осылайша санамды торлап, көңілімді құлазытып жібергендей болды.

Иә, қазір заман өзге, адам басқа. Бүгінде қала тұрмақ, табиғат әлемі жанына едәуір жақын көрінетін ауыл балалары да ондай «ақымақтықтан» ада. Себебі, жаңа ғасыр жаңа ағысымен алға қарыштап келеді. Өмір ерекшеліктерге толы.

- Туу, не ойлап кеттім өзі? Осыншалық әсершіл болармын ба..?

Келе жатып, ештеңені ойламауға қаншалықты тырыссам да, бір ойды бір ой қуалап, мазалай берді.

Орталықтағы тас жолға енді жете бергенімде, арғы беттен «кезекші» полиция көлігі шығып, солға қарай бұрылып кетті. Көліктің дүрілін ес көріп, мүлгіген тыныштықтан елегізген көңілім орнына түскендей болды. Қиылыстағы ағаш үйді бетке ұстап, алға қарай аяндап келемін.

Сөйтіп, он екі ай бойы тұтас әлемге патшалық еткен ұлу жылының аяқталуына да санаулы күндер қалыпты. Желдей жүйткіген тағы бір жылдың соңғы айы алды-артына қарамай, зымыраған күйі дүниедегі бар жақсы-жаманды бауырына басып, тарихтың терең тұңғиығына бойлап барады. Тұғыры жоқ, тұрлаусыз, шіркін, уақыт-ай!

- Айтпақшы, балалар да мереке күні үйге келеміз деп жатыр. Дастархан қамын жасаудың да уақыты жеткендей. Жаңа жыл демекші, авторын ұмытыппын, әйтеуір, құрбымның бірде оқып берген «Жаңа жылмен құттықтама, сен мені!» деген өлеңі есімде. Ақын шығармасында: «жат мерекеге есің кетіп, есірме, өз салтың мен дәстүріңді ардақта!» дегендей, салиқалы ой тастайды. Сөздерінің салмағы ауыр, дәлелі шын. Мірдің оғындай әр сөзі көздеген нысанасын орнымен опырып, ойсыратып түсірердей, тым тереңде жатыр. Өлең маған қатты ұнады...

Асылы, мұсылманның Жаңа жылы көктем мерекесі - Наурыз екені белгілі. Ал, өзге ұлттың мына - Жаңа жылы кеңес дәуірінен салтымызға сіңіп, санамызға сынадай қағылып, әбден орнығып қалған мерекесі. Шындап келгенде, бұл «тар жол тайғақ кешкен» қазақ халқының тарихына бодандық дәуірден түскен терең дақ тәрізді. Оны бірден сылып, түп-тамырымен жұлып тастау, әсте, мүмкін емес!

Қоғам санасы әлі де болса, сол тәуелділіктен «ат құйрығын кесіп», біржола арыла қоймаған. Өйткені, осының бәрін біліп, түсіне тұра, пендешілік жеңіп, бұл мерекеден бас тарта алмаймыз. Жалғыз ғана «Жаңа жыл» деген сөздің өзі көңіліңді тасытып, езуіңе риясыз күлкі үйіреді. Әр жыл сайын осы күнді асыға, аптыға күтесің! Нені, неге екенін ұғып жарытпасаң да, күтесің! Дәл осы түн өмір бойы қол жеткізе алмаған бар арманыңды бірден үйіп-төгіп, қолыңа ұстата салатындай көрінеді де тұрады. Кім екені, қайдан келері белгісіз, әйтеуір, біреуден керемет бір сый күтесің! Қиял екенін біліп тұрсаң да, соған сәбидей сенесің... Таңданбасқа - шараң жоқ! Себебі жоқ, сөзбен айтып жеткізе алмайтын түсініксіз, беймәлім күй...

Менің ойымша, жақсылықтың көптігі болмайды. Мерекенің қай ұлттыкі, қай елдікі болғаны маңызды емес! Тек, әр адам өз діні мен дәстүріне, ұстанымына адал болса, болғаны! Сен қажет санамаған нәрсені саған ешкім зорлықпен орындата алмасы хақ. Дегенмен, бұл мереке де уақыт өте келе, «бұрын сондай бір «жаңа жыл» болатын» деп үлкендер еске алып отыратын жай күндердің бірі болып қалуы да ғажап емес...

Қазақ - дархандығымен қоса, жақсылыққа әуес, кеңпейіл халық. Жүрегінің кеңдігі соншалық, тіпті, ең жаман дегеннің өзінен ізгілік іздеп тұратынын қайтерсің! Халқымыз:

«Адам - жарық дүниенің қонағы» дейді ғой, олай болса, жанды жадыратар қуанышы мен бақытты сәттері де көп болсыншы! Әрбір адам өз отбасына қасірет емес, қуаныш, бақытсыздық емес, шаттық сыйласа, нұр үстіне нұр болмас па?!

Осылай, өз ойыммен өзім арпалысып келе жатып, үйге де жетіп қалыппын. Жолыма сәулесін шашып, жоғарыдан қарауылдап келе жатқан Ай да: «Үйіңе келдің ғой, енді жөніме кетейін» дегендей жалт бұрылып, аспандағы бұйра бұлттарды бетке ұстап, алыстап барады. Мен жарықпен шағылысқан аппақ қар мен тыныштық құшағына бөленген осынау өңірдің көрікті келбетінен көз ала алмай, қимастықпен тағы бір рет жан-жағыма көз тастадым. Дәл, осы бір сәт, өзім бауыр басып қалған ауылдың қытымыр қысқы табиғаты маған соншалықты сұлу, соншалықты тартымды көрінді.

- Қайырлы түн, қысқы кеш, бейбіт ауыл!

Айгүл МОЛДАШ.

«Көзайым қоржынынан» ...

ТӘУЕЛСІЗДІК



Отан туралы өлең басталады,
Қайтсемде жазу керекпін бұл бастаманы.
Эй, адамзат, өз Отаныңды қорғау керек,
Боларсың сен болайық жұмысыңды
бастағалы.

Отанымды жанымдай жақсы көремін,
Осы жерде мен әрқашан өмір сүремін.
Өмір сүретін жерім ол Павлодар,
Сондықтан да бұл қаланы жақсы көремін.

Айзат ЖАНКАРИМ,
8 «б» сынып оқушысы

ХОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Жаңа жыл, жаңа жыл
Күтеді оны барша жұрт.
Ескі жылды шығарып,
Жаңа жылды тосады.
Жаңа жылда барлығы

Қуаныш пен шаттыққа
Толады көңіл күйлері
Безендірер шыршаны
От шашуды шашады.

Ділназ ҚАСЫМ,
3 «а» сынып
оқушысы.

ОҚУ МЕН ӨНЕР

Балаларға, біздерге оқу міндет,
Оқу менен өнерді де білу керек.
Өнер менен оқу егіз емес пе екен?
Қиындықты оқу менен өнер бірге жеңбек.
Білімсізге адамдар әбден күлмек,
«Түк білмейтін надан ғой» олар демек.
Тек қана білім бәрін шешеді ғой,
Ғылым саған көмектесіп, бәрін бермек.

Көп оқып, тырысып сен қылсаң еңбек,
Бар ойыңды соған салсаң сен терлеп.
Болашағың әрдайым жақсы болмақ,
Тек білім надандықты өзі жеңбек.

Әмина АБДРАХМАНОВА,
8 «ә» сынып оқушысы.

Мектеп газеті айына бір рет шығады. Бағасы 50 теңге.
Редакторы: Айгүл МОЛДАШ және «ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР» алқасы